

УДК 314.04

Ногаева Нурбану Макашевна

Құқықтану магистрі, Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті,
Семей қаласы
e-mail: Nurbanu.Makash@mail.ru

Ашимова Гульжанат Мухаметжановна

Тарих магистрі, Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, Семей қаласы
Семей қаласы
e-mail: Forever_83kz@mail.ru

Қ Р ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНА ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАР

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының демографиялық жағдайына әсер еткен факторлар соғыстар, ашаршылық, күштеп ұжымдастырудың демографиялық дамуға тигізген кері салдары зерттелген. Қазақ халқы санының өсімінің даму заңдылықтары мен тарихы қарастырылған. Сондай-ақ бүгінгі күнге дейін демография саласына үлес қосқан ғалымдардың зерттеулері талданған.

Түйін сөздер: демография, ашаршылық, репрессия, қазақ ұлты, қала мен ауыл халқының орналасуы, табиғи өсім

В статье изучены факторы, влияющие на демографическую ситуацию Республики Казахстан, негативные последствия войны, голода, насильственной коллективизации, приводящие к демографическому развитию. Рассмотрены закономерности и история развития роста численности казахского населения. А так же в статье проанализированы исследования ученых, внесших вклад в сферу демографии на сегодняшний день.

Ключевые слова: демография, голод, репрессия, казахская национальность, расположение города и сельского населения, естественный прирост

The article examines the factors affecting the demographic situation of the Republic of Kazakhstan, the negative consequences of war, famine, forced collectivization, leading to demographic development. Regularities and history of development of growth of the number of the Kazakh population are considered. The article also analyzes the research of scientists who have contributed to the field of demography to date.

Keywords: demography, hunger, repressions, the Kazakh nationality, location of the city and rural population, natural increase

Бүгінгі таңда өркениетті даму жолына түскен Қазақстан Республикасы қоғамның барлық саласында аса маңызды реформаларды жүзеге асыруда. Бұл реформалардың ішіндегі ең күрделісі әрі өте ұқыптылықты қажет ететін бағыты – әлеуметтік саладағы реформалар болып табылады. Оның себептері көп, негізгі деген екеуіне тоқталғанның өзінде көп нәрсенің мәнін ашуымызға болады. Біріншіден, әлеуметтік мәселе адамдардың өмірі мен тұрмыс-тіршілігіне тікелей қатысты болғандықтан үнемі күн тәртібінде тұрады; екіншіден, мемлекеттік әлеуметтік саясатының басым бағыты – адам және отбасы болып табылады, ол әрқашан үкімет пен халықтың назарында.

Жалпы, қазақтар үшін демография мәселесі ерекше орында, оған түрлі тарихи кезеңдердегі қиындықтар, ұлттық салт-дәстүр, рухани-мәдени құндылықтар сан ғасырлар бойы ықпал етіп отырған. «Отан отбасынан басталады» деген аталы сөздің мәні терең. «Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық», «Бас екеу болмай, мал екеу

болмайды» және өзге де даналық сөздер өмірлік тәжірибеден туындаған.

Жаугершілікті көп көріп, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», ашаршылық, тәркілеу, репрессия, Ұлы Отан соғысы сияқты толып жатқан тарихи кезеңдердің нәубеттерін бастан өткізген қазақ халқы үшін, отбасы құру мен ұрпақ жалғастырудың мәні аса зор. Соңғы жүргізілген халық санағына сүйенсек те, бұл демографиялық қажеттілік әлі күнге дейін өзекті болып отырғанын байқаймыз. Бүгінгі әлемде Қазақстан жер көлемі бойынша 9 орын алса, халық саны жағынан 62 орында. Жері – кең, халқы – аз.

Жалпы тарихтың өзіндік үрдісіне жүгінетін болсақ, адамзат өмір сүріп отырған қоғамда кез-келген мемлекетте демография ғылымының орны ерекше. Қазақстан Республикасының демографиялық жағдайы, бұл қорға зор үлес қосқан ғалымдар: М.К. Қозыбаев, М.Х. Асылбекова, К.С. Алдажұманов, М.Б. Тәтімов, М.Х. Асылбекова, В.В. Козина және т.б. ғалымдар.

Қазақстанның демографиялық тарихына байланысты зерттеу жұмыстары 1960-1980

жылдары Н.Б. Бекмаханов, Ф.Н. Базанова, А.Б. Галиев, Н.В. Алексеенко еңбектерімен толыға түсті. Тарихшы-демографтар ғылыми айналымға көптеген статистикалық материалдарды, мұрағат деректерін енгізе отырып, халықтың демографиялық дамуы, табиғи, механикалық өсім, ұлттық, әлеуметтік құрамның өзгерістерін қарастырды [1].

Н.Е. Бекмаханованың зерттеулері XVIII ғасырдың ортасынан 1917 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Еңбекте халықтың табиғи және механикалық өсімі, қоныстандыру қозғалысы және аталған кезеңдегі Қазақстан халқының әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері зерттеледі. Ф.Н. Базанова кеңестік кезеңдегі Қазақстан халқы құрылымының қалыптасуы және дамуы мәселелерін қарастыра отырып, 1920-1930 жылдардағы индустриялық даму көп ұлтты халықтың қалыптасуына ықпал етті деп көрсетеді [2].

1980-жылдардың аяғы мен 1990-жылдардың басындағы тарихи-демографиялық мазмұндағы еңбектерде Қазақстан халқының нәубет жылдарындағы шығыны, оның себеп-салдары туралы мәселелер көтерілді. Бұлардың қатарына М.Қ.Қозыбаев, М.Х.Асылбеков, Ж.Б.Абылхожин, М.Б.Тәтімов, М.Н.Сдыков, В.В.Козина, А.Н.Алексеенконың еңбектерін жатқызуға болады.

1931-1933 жылдардағы ашаршылық, күштеп ұжымдастыру және оның демографиялық дамуға тигізген кері салдары М.Б.Тәтімов, Ж.Б.Абылхожин, М.Қ.Қозыбаевтардың бірігіп жазған мақаласында көтеріледі. Сол сияқты 1930-жылдардың басындағы нәубет барысында азайған халық саны туралы мәліметті алғашқылардың бірі болып М.Тәтімов өз еңбектерінің бірінде көрсетеді. Автор 1926 және 1939 жылдардағы санақ мәліметтерін салыстыра отырып, байырғы халықтың шығыны 2 млн. 635 мың адам деп көрсетеді. А.Н.Алексеенконың еңбектерінде XX ғасырдың 20-90 жж. республикадағы халықтың сандық өсімі мен ұлттық құрамы, қала мен ауыл халқының орналасуы, табиғи өсім және т.б. мәселелер жан-жақты көтеріледі [3].

Ал М.Х.Асылбеков пен В.В.Козинаның еңбектерінде 1980-жылдардың аяғы мен 1990-жылдардың бірінші жартысындағы республика халқы санының өзгерісі, ұлттық, жыныстық-жастық құрамы туралы мәселелер талданады [4].

– Қазақ елінің басынан өткен талай нәубет қазақтың демографиялық тарихында айқын із қалдырды. Өткен ғасырдың басындағы Ресей патшалығының саясаты, одан бергі 30-жылдардағы ашаршылық, 37-38 жылдардағы репрессия, оның артын ала келген Екінші дүниежүзілік соғыс, 50-жылдардан үдере бастау алған Кеңес үкіметінің орыстандыру саясаты қазақ халқының табиғи өсімінің тамырына балта шабумен болды. Осы нәубеттердің салдарынан бір кездері Қазақстандағы қазақ ұлтының саны 30 пайызға дейін азайып кетті.

1999 жылы өткен алғашқы ұлттық халық санағының қорытындысы бойынша елімізде 14 миллион 953 мың адам тіркелген еді. Ол кезде қазақ ұлтының алатын үлес салмағы 53,4 %, немесе 7 миллион 985 мың адам болған. Бұл Қазақстан халқының жартысынан сәл ғана асатын көрсеткіш болатын... Қазақ – мемлекет құрушы кіндік ұлт болғандықтан, ел-жұртымызда қоян-қолтық араласқан диаспоралардан үлес салмағы артқан сайын бағымыздың баянды болары сөзсіз.

Қазақстан тәуелсіздігін алғалы екінші рет жүргізілген 2009 жылғы санақтың ресми қорытындысы бойынша, 2010 жылдың 1 қаңтарына Қазақстан халқының саны 16 миллион 196,8 мың адамды құраған. Оның ішінде қазақтардың үлесі 63,6 % деп хабарланды. Сөйтіп, 1999 жылғы санақпен салыстырғанда халық санының өсімі 6,8 % құрап, республика халқының саны 1022,9 мың адамға артқан. Ал, қазақтар саны өткен санақпен салыстырғанда 26,1 % артып, 10098,6 мың адамды құрайды. Демек, бұл Қазақстан халқының 63 % қазақтар екенін көрсетеді.

1990 жылдардың басында қазақтар 40% қамтыған. Ал, 1911 жылы ең алғашқы санақ жүргізілгенде қазақтардың үлесі – 67% еді. Кейін елдегі әр түрлі ахуалдарға байланысты, жергілікті ұлттың саны күрт азайғаны белгілі. Бұл қазақ ұлты бір ғасыр бұрынғы үлес салмағына жете алмай отыр деген сөз.

Қазақстанның Статистикалық агенттігінің соңғы таратқан мәліметінше, 2012 жылғы 1 желтоқсандағы Қазақстан халқының саны 16 896 900, оның ішінде қалалықтар – 9 254 700 (54,8%), ауылдықтар – 7 642 200 (45,2%) жетіпті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары эмиграцияның артуы мен табиғи өсімнің құлдырауынан халқымыздың саны азайып кеткені белгілі. Осының салдарынан Қазақстан тәуелсіздік алған кезеңдегі халық санына енді ғана жетейін деп отыр [5].

Демограф Мақаш Тәтімов Қазақстанның демографиясы жөнінде былай дейді. «Ал енді «Тәуелсіздік не берді?» деген сауалға келсек, оған нақты жауап беру үшін егемендік алғаннан кейінгі статистикаға көз жүгіртейік. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары еліміз аумағынан 3 миллионға жуық өзге ұлт өкілі көшіп кетті. Көшкен өзге ұлт өкілдерінің орнын тарихи отанына алыс-жақын шетелдерден оралған қандастарымыз толықтырды. Олардың тарихи отанына оралуына жол ашқан – Тәуелсіздік. Өткен ғасырдағы 80-жылдардың соңында демографиялық ахуал біршама оңалғаны байқалады. Бірақ 1999 жылғы көрсеткіш бойынша қазақ әйелдерінен туған бала саны біршама азайғанын көреміз. Нақты статистикаға жүгінер балсақ, 1988 жылы қазақ әйелдерінен туған бала саны 208 мың болса, 1999 жылы 138 мыңға азайған. Ал 2010 жыл аяқталмай жатып бұл көрсеткіш 265 мыңға жетті. Демек, жыл сайынғы қазақ әйелдерінен туатын бала саны жалпы, соңғы 10 жыл ішінде 127 мыңға көбейген. Яғни қазақ ұлтының саны қарқынды өсіп келе жатыр. Бір кезде 40 пайызға жетпей қалған қазақ халқының үлесі бұл күнде 65 пайызға жетті. Бұл – Тәуелсіздіктің жемісі» [6].

2015 ж. 1 ақпанға еліміздегі халық саны 17 439,3 мың адамды құрады, соның ішінде қалалықтар – 9 646,3 мың (55,3%), ауылдықтар – 7 793,0 мың адамды (44,7%) құрады. 2014 жылғы 1 ақпанмен салыстырғанда халық саны 252,3 мың адамға немесе 1,5% өсті.

АХАТ органдары ұсынған азаматтық хал актілері жазбаларындағы мәліметтерді өңдеу нәтижесінде, 2015ж. қаңтарда туылғандар саны 33,4 (33,7) мың адамды құрап, 2014 жылғы қаңтарға қарағанда 0,9% кеміді. Туудың жалпы коэффициенті 1000 адамға 22,44 (22,96) туылғандарды құрады. Қарастырылып отырған кезеңде қайтыс болғандар саны 11,7 (12,2) мың адамды құрап, 2014ж. қаңтарға қарағанда 0,5 мың адамға немесе 4,1% азайды. Өлім-жітімнің жалпы коэффициенті 1000 адамға 7,89 (8,34) қайтыс болғандарды құрады.

2015ж. қаңтарда республика халқының табиғи өсімі 2014ж. қаңтармен салыстырғанда 0,2 мың адамға немесе 1% артып, 21,7 (21,5) мың адамды құрады. Табиғи өсімнің жалпы коэффициенті 1000 адамға шаққанда 14,55 (14,62) адамды құрады.

2017 жылдың 17 қаңтарындағы статистика агентігінің мәліметі бойынша жалпы халық саны 18057238, соның ішінде ерлер саны 8 673345 яғни 48 %, әйелдер саны 9383893, яғни 52% құрайды [7].

Қазір ХХІ ғасыр техниканың, технологияның дамыған кезеңі болғандықтан бүгінгі күнгі демографиялық статистикалық мәліметтер арнайы мемлекеттік статистика орталығында жинақталады. Өлім-жітімді қоспағанда демографияға кері әсерін тигізіп жатқан факторлар өте көп. Атап айтсақ, аборт, маскүнемдік, темекі, есірткі, жезөкшелік, суйцид, ажырасулар, түрлі аурулар, тубурклез.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы XIX века. – Алматы, 1992. – С. 51-52.
2. Бекмаханова Н.Е. Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии. Последняя четверть XVIII- в-е годы XIX в. – М., 1980. – С. 193.
3. Алексеев А.Н. Население Казахстана 1920-1990гг. Алма-ата,1993ж
4. Асылбеков М.Х., Козина В.В. Народонаселение Казахстана в условиях суверенитета. – Алматы, 2010. – С. 51; Қазақстан 2009 жылы. Қазақстанның статистикалық жылнамалығы. – Астана, 2010. 24-25-бб.
5. Сейілбек Мұсатаев «Демографиялық соғыс: жеңістер мен жеңілістер»
6. Тәтімов М., Әлиев Ж. Дербестігіміз – демографияда. –А.: Жеті жарғы,2000
7. Countrymeters.info сайты Қазақстан халқының саны 18 миллионнан асқанын көрсетті деп хабарлайды «Қамшы» порталы.

Ногаева Нурбану Макашевна

Лауазымы: аға оқытушы, магистр, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Пошталық мекен-жайы: F18Y8K0, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Шмидта көшесі, 44

Ұялы. тел: +7 778 937 77 09

Ашимова Гүлжанат Мухаметжановна

Лауазымы: аға оқытушы, магистр, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Пошталық мекен-жайы: F18Y8K0, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Шмидта көшесі 44

Ұялы. тел: +77027252583

ҚР демографиялық жағдайына әсер етуші факторлар

Ногаева Нурбану Макашевна

Должность: старший преподаватель, магистр, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

Почтовый адрес: F18Y8K0, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Шмидта, 44
сот. тел: +7 778 937 77 09

Ашимова Гульжанат Мухаметжановна

Должность: старший преподаватель, магистр, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

Почтовый адрес: F18Y8K0, Республика Казахстан, г. Семей, ул.Шмидта 44

сот. тел: +77027252583

Влияющие факторы на демографическое положение в РК

Nogaeva Nurbanu Makashevna

Position: senior lecturer, master of law, Kazakh humanitarian-legal innovative university KazHJIU

Mailing address: F18Y8K0, Republic of Kazakhstan, Semey, ul.Shmidta, 44

Mob.phone: +7778 937 77 09

Ashymova Guljanat Muxametjanovna

Position: , senior lecturer, master of history, Kazakh humanitarian-legal innovative university KazHJIU

Mailing address: F18Y8K0, Republic of Kazakhstan, Semey, ul.Shmidta 44

Mob.phone: +77027252583

Influencing factors on the demographic situation in the Republic of Kazakhstan